

**NASEC**

ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ



МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО  
ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



## Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

тақырыбы: «Малазықтық жоңышқа дақылының өсіруде жоспарланған өнімді  
алу үшін шаралар»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын  
сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:


«09» желтоқсан 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:

Алматы облысы, Іле ауданы,

Қараой а.о., «АҚСҮТ LLC» ЖШС

Эксперт: \_\_\_\_\_ Дүйсеков С.Н.

  
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ  
Топырақтану және агрохимия  
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы

  
қолы М.О. Р.Х. Рамазанова



## Есептің құрылымы

### *1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:*

Елімізде ірі қара малды өнеркәсібін дамытудағы негізгі мәселелері болып егістік жерлердің өнімділігін жоғарылату арқылы мал шаруашылығының мықты мал азықтық базасын қалыптастыру және жоғары ақуыз құрамды мал азықтық дақылдардың сапасын жақсарту саналады. Бұл мәселелерді шешу үшін ең алдымен өндіріске жоғары өнімді дақылдарды енгізілген жөн. Мал азықтық дақылдардың негізгі өнімділік көрсеткіші болып 1 га себілген тұқымнан шыққан түптердің саны, сіңірілмелі протеин, минералдық тұздар және дәрумендер саналады. Өндірісте мал азықтық дақылдардан көпжылдық жоғары-ақуызды бұршақ тұқымдас дақыл – жоңышқаның маңызы зор. Жоңышқа – алғашқы мал азықтық дақыл болып саналады, себебі жоңышқаны Персия және Греция б.з.д 490 жылдан бастап өсіре бастады.

Жоңышқа – жоғары ақуызды, дәрумендерге бай өнім береді. Жоңышқаның 100кг жасыл өнімінің құрамында 17 кг азықтық бірлік, 3,6 сіңірілетін протеин, сабанында 49 және 9,6 кг, шөп ұнында 65 және 13,5, пішенінде 25 және 5,5 кг кездеседі. Бұл мал азықтық дақылда 100 г мөлшерге шаққанда 1 азықтық бірлікте 150 ден 200 г дейін сіңірілетін протеин және барлық қажетті аминқышқылдары болады.

Жоңышқаның ауыл шаруашылығындағы маңызды рөліне қарамастан соңғы онжылдықта оған жақсы көңіл бөлінбей келеді. Оның биологиялық, агротехникалық мүмкіндіктері және азықтық маңызы толық пайдаланылмай келеді.

*2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары:*

Жоңышқа – жануарларға қажетті ақуызбен жоғары қамтамасыз етілген азықтың негізгі көзі және агроэкожүйенің экологиялық жағдайындағы негізгі эдификаторы болып саналады. Жоңышқа құрғаққа төзімді дақыл ғана емес, сонымен қатар суармалы жағдайда көп жылдық өсімдіктердің ішінде егіс алқабының негізгі бөлігі жоңышқа дақылына тиесілі болады. Жоңышқа дақылының өсіру технологиясы дұрыс қадағаланса жоғары әрі сапалы өнімді қалыптастыруға болады. Жоңышқа – түйнек тамырларының әсерінен ауадағы бос азотты еселеп, жылына 350 кг/га дейін азотты жинақтайды, яғни 100 мың гектар жоңышқадан, сәйкесінше сонша көлемдегі азотты алуға болады.

Ауыспалы егіске жоңышқа дақылын енгізу, топырақтың агрофизикалық қасиетін жақсартып, оны қажетті қоректік элементтермен соның ішінде әсіресе азотпен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Ол мақта, күріш, астық және қызылша дақылдарының ауыспалы егісінде ең жақсы алға дақыл болып саналады.

Жоңышқа жайылымға немесе жаңа шабылған жасыл массамен азықтандыруға, сондай-ақ сүрлем мен пішендеме дайындауға өте қолайлы.

Жоңышқаның қайта өсуі тамыр жүйесіндегі коректік заттардың жеткізілуіне өте тәуелді. Жоңышқаның жақсы қайта өсуі гүлдену кезеңінің басында-ақ коректік заттардың жеткілікті қорын қажет етеді.

Жоңышқа – топырақтың жоғары құнарлылығын қажет ететін көпжылдық өсімдік. Агрохимиялық талдау топырақ құнарлығын бағалауға көмектеседі. Жоңышқаның азотпен өз бетінше камтамасыз ету мүмкіндігі бар. Бұл өсімдіктердің *Rhizobium* тұқымдасының түйінді бактерияларымен симбиозына байланысты болады. Демек, жоңышқа өсіргенде кейбір жағдайларда азот қосудың қажеті жоқ. Жоңышқаның тағы бір пайдасы – оның кейінгі егінге тигізетін пайдалы әсері. Жоңышқа топырақты азотпен байытады, оны кейінгі егістіктер пайдалана алады, тамырлы тамыр жүйесінің терең таралуына байланысты жер асты қабатының құрылымын жақсартады. Жоңышқа өсіргенде тыңайтқыштар дозалары шамамен келесідей:

Арамшөптерді жұқтырмау үшін көң садырасын мұқият енгізу керек және азотты көп қолданбаңыз. рН деңгейін (топырақтың қышқылдығын) 6-дан төмендетпеуге тырысу керек, жоңышқаға оңтайлы рН деңгейі 6,5-7,5.

Егер құмды топырақтарда магний мөлшері жоғары болса, онда тыңайтқыш бергенде 50 кг MgO қосу жеткілікті болады.

Азотты тұқым себерде 25 кг/га, фосфорды өнімділікке байланысты жылына 60-90 кг шамасында, калий тыңайтқышын топырақтағы калийдің мөлшеріне байланысты және өнімді шауып алу санына байланысты 160-270 кг жылына енгізу.

Дақылға қолданылатын тыңайтқыштардың тиімділігін арттыру үшін агрохимиялық сараптама жасап, тыңайтқыштардың түрін, дозасын және нормасын картограммамен қолдау керек. Өйткені топырақ құрамында кейбір элементтердің мөлшері өсірілетін дақылдарға байланысты жеткіліксіз немесе керсінше мөлшерінен артық болуы мүмкін. Шаруашылықтың егістік алқаптарының агрохимиялық картограммаларын жаңарту ұсынылады.

*3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;*

Жоңышқа азот жинаушы дақыл болғандықтан, агротехникалық маңызы зор. Жоңышқаның тамыры айланасына жинақталған азот тыңайтқыш азоттарымен салыстырғанда қоршаған ортаны ластамайды және басқа дақылдармен оңай сіңіріледі. Жоңышқа өзінен кейін әр гектарға 350 кг дейін азот қалдырады. Осымен қоса жоңышқаны өңдеу қымбат азот тыңайтқыштарына деген шығынды төмендетеді. Жоңышқа – тәлімі егіншілікте, дала және құрғақ дала аймағында өсірілетін дақылдарға араластырып өсіретін маңызды компонент. Жоңышқа тек маңызды мал азықтық дақыл емес, сонымен қоса оның мелиорацияда маңызды орны бар. Жоңышқа топырақтың физико-химиялық қасиеттерін жақсартып және құнарлығын жоғарылатады. Жоңышқаның суармалы жерлердің тұздануын болдырмаудағы рөлі ерекше.

Ауыспалы егіс тәртібін сақтап, минералды тыңайтқыштарды тиісті ұсынылған көлемде қолданғанда, сондай-ақ агротехникалық шараларды және мелиоративтік жақсарту жұмыстарын толық, дер кезінде орындаған жағдайда жоңышқадан алынатын қосымша өнімнің мөлшері артады.

4) Кеңес беруге қатысты фотосуреттер:

